




ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС
ҰЯЛМАЙТЫН БОЛДЫ

5-БЕТ | САРАПТАМА



ӘЙЕЛ ЖАЙЫ
АЛАҢДАТАДЫ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛІМІЗДЕ БИЛІКТІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ЖАРИЯ ТҮРДЕ
КЕЛІСПЕУШІЛІК БІЛДІРУГЕ ТОЛЫҚ МҮМКІНДІК БАР.
АЗАМАТТАР ӨЗІН ТОЛҒАНДЫРАТЫН МӘСЕЛЕ ТУРА-
ЛЫ АШЫҚ АЙТА АЛАДЫ. МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН-
ДАРДАН «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕ-
КЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА СӘЙКЕС, ҚОҒАМНЫҢ
ПІКІРІМЕН САНАСУДЫ ТАЛАП ЕТІП КЕЛЕМІН.

№9
(4597)
Сейсенбі
23 қаңтар
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДАДА – «ГАУҢАР ЛИГА»

Елордада жеңіл атлетикадан әуесқойлар арасындағы Indoor Run Astana жарысы өтті. Қазақстан спорт кешенінде жүздеген спортшы бірнеше қашықтық бойынша бәсекеге түсті. Ал 27 қаңтарда елордада алғаш рет «Гауһар лига» сериясындағы World Indoor Tour Gold – Astana Amoor meet for Amin Tuyakov Prizes халықаралық турнирі өтеді. Бұл жарысқа 45 елдің спортшылары қатысады.

8

БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТҚА АУЫСАДЫ

«Қазақстан Республикасының аумағында уақытты есептеу тәртібі туралы» Үкімет қаулысына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2024 жылғы 1 наурызда сағат 00:00-ден бастап елдің бүкіл аумағында бірыңғай уақыт белдеуі енгізіледі деп мәлім етті Сауда және интеграция министрлігінің баспасөз қызметі.

Қазақстанның бүкіл аумағына 5-халықаралық уақыт белдеуі (UTC+5) қолданылады.

Үкімет қаулысына сәйкес, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында 2024 жылғы 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақыт 1 сағатқа артқа жылжиды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда UTC+5 және UTC+6 секілді екі уақыт белдеуі бар. Ел аумағының көп бөлігі (батыс облыстарды қоспағанда) UTC+6 аймағында орналасқан. Жалпы әлемнің 175 елінде бірыңғай уақыт белдеуі қолданылады.



БҰҰ ӨКІЛІ КЕЛДІ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы Әкімшісі көмекшісінің орынбасары – БҰҰ Даму бағдарламасы Еуропа және ТМД үшін Өңірлік бюросы директорының орынбасары Ник Хартман Астанаға жұмыс сапарымен келді.

Сапар барысында 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарын іске асыру мәселелерін қоса алғанда, ҚР мен БҰҰ Даму бағдарламасы арасындағы ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ 2021-2025 жылдарға арналған

Елдік бағдарламаны және 2021-2025 жылдарға арналған Орнықты даму мақсаттарындағы ынтымақтастық туралы келісімді талқылау жоспарланған» делінген Сыртқы істер министрлігінің хабарламасында.



БАСТЫ МІНДЕТ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Астанада 2025 жылға қарай жастардың 100 пайызы тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда қала мектептері қауіпсіздікті сақтау мақсатында цифрлы бейнекамералармен, турникеттермен, дабыл түймелерімен және жоғары жылдамдықтағы интернет желісімен толық қамтылған.

3



ТАРИХИ ЖЕҢІС!

Шаңғымен тұғырдан секіруден Қазақстан командасының мүшесі Илья Мизерных Канвонда өтіп жатқан IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының чемпионы атанды.

Олимпиада ойындарының алғашқы күнінде Қазақстан үшін алғашқы алтын медаль алған жасөспірім чемпионы тарихи жеңісімен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады.

Жарыс барысында алғашқы мүмкіндіктен соң Мизерных 3-орында тұрды. Ал екінші мүмкіндікте нәтижесін едәуір жақсартып, қорытынды есепте 1-орынға шықты. Байрақты жарыстың

екінші күні отандасымыз Полина Омельчук шорт-трек сайысында қола жүлдеге қол созды.

Канвон алаңдарында Қазақстанның 42 спортшысы 5 спорт түрінен сынға түсіп жатыр. Жарыс 2 ақпанға дейін жалғасады.

Бұған дейінгі 3 жасөспірімдер Олимпиадасына қатысқан қазақстандық спортшылар 1 күміс, 4 қола жүлде алған болатын.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫ АРТТЫРАЙЫҚ

Мемлекет басшысы елімізде «Заң және Тәртіп» қағидатын біржола орнықтыруда полиция айрықша рөл атқаратынын атап өтті.

«Қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызды міндет. Бұл – жауапкершілігі өте үлкен жұмыс. Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Ол үшін құқық қорғау жүйесі үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет. Ең алдымен, мемлекетте заң талаптары мүлтіксіз орындалуы керек. Заң бұзған кез келген адам жазасын алуға тиіс» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, құқықтық сауаттың төмен болуы жағымсыз үрдістердің белең алуына әкеп соқтырады.

«Оның бәрі, түштеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді, мемлекеттің абыройына нұқсан келтіреді. Қоғамдық жерлердегі вандализм – соның айқын көрінісі. Халқымыздың дүниетанымына жат идеология да елімізге зор қауіп төндіреді. Әсіресе, жас ұрпақ жасанды идеялар мен «жалған батырлардың» жетегіне ілесіп кетуі мүмкін. Әлеуметтік желіде жастарды заңсыз іс-әрекет жасауға шақыратын материалдар таралуда. Тіпті, заң бұзған адамдарды үлгі етіп көрсететіндер бар. Біздің азаматтарымыз кез келген заңсыздыққа қарсы болуы керек, яғни бізге заң бұзушылыққа төтеп беретін мықты иммунитет қажет. Ел ішіне ірікті салатын, қауіп төндіретін әрекеттерді ақтауға қатаң тосқауыл қою керек. Құқықтық нигилизмге, яғни заң үстемдігін жоққа шығаруға жол берілмеуге тиіс. Заңға деген құрмет адал азаматқа тән қасиеттің бірі ретінде дәріптелуі қажет. Бұл – мемлекеттік органдарға ғана емес, барша халыққа ортақ міндет. Қысқасы, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету – Әділетті Қазақстанды құрудың басты шарты» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ НЕГЕ ТИІМДІ ЕМЕС?

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдары құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне баса мән бергені жөн деп санайды.

«Қылмыстардың негізгі себебі көбіне қоғамға жат әрекеттерден туындайды. Сондықтан заңды бұзуға бейім азаматтармен жүйелі жұмыс жүргізу маңызды. Сондай-ақ олардың қоғамдық тәртіпке қайшы істеріне түрткі болатын алғышарттарды түгел жою қажет. Бірақ бүгінде қылмыстың алдын алу шаралары тиімді жүргізіліп жатқан жоқ. Мұны мойындау керек. Сондықтан жүйелі түбегейлі жаңарту қажет. Осы ретте қауіпті топтарға жататын азаматтардың басым бөлігі назардан тыс қалып қояды. Ал кейбір алдын алу шаралары шектеу-мәжбүрлеуден әрі аспайды. Мұндай жұмыстар жергілікті жерлерде жүйесіз жүргізіліп жатыр. Нақты үйлестіру тетіктері жоқ. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласында бірыңғай заң әзірлейтін уақыт жетті. Заң жобасында профилактикадан



ЗАҢ БҰЗҒАН КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ ЖАЗАСЫН АЛУҒА ТИІС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылығы, өңірлердің әкімдері, ІІМ алқа мүшелері, орталық аппараттың басшылық құрамы және аумақтық полиция департаменттерінің жетекшілері қатысты.

өтетін азаматтар тізімін толықтай қайта қараған жөн. Жауапты органдардың құзыреттерін, үйлестіру тетіктерін, жеке профилактика құралдарын нақтылау қажет» деді Президент.

болған барлық мәселені ескеру қажет. Бұдан бөлек, кәметке толмаған азаматтардың құқығын қорғау жүйесін жаңғырту – өте өзекті мәселе. Үкімет азаматтық қоғам институттары мен

тын азаматтарға арқа сүйеу қажет. Бұдан бөлек, кәметке толмаған азаматтардың құқығын қорғау жүйесін жаңғырту – өте өзекті мәселе. Үкімет азаматтық қоғам институттары мен

қатарынан шығару қажет. Олар биліктің абырой-беделін түсіреді. Қызметкерлерін дер кезінде тәртіпке салмаған басшылар мәселесін де қарау керек» деді Президент.

Алқа отырысы барысында Қасым-Жомарт Тоқаев орта буындағы басшылық құрамды биыл кезектен тыс аттестациядан өткізу туралы Ішкі істер министрінің ұсынысын қолдады.

«Министрлік осы сынақ кезінде табандылық танытуға тиіс. «Бармақ басты, көз қысты» болмауы керек. Алайда аттестация біреуден есе қайтарудың құралы болмауға тиіс. Басты мақсат – жеке құрамды біліксіз және жұмысына адал емес басшылардан тазарту, яғни кәсіби кадр резервін жасақтау. Сонда ғана ахуалды түбегейлі өзгерте аламыз. Президент Әкімшілігі бұл жұмысты бақылауда ұстайды» деді Мемлекет басшысы.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Президент балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударды. Атап айтқанда, былтыр кәметке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс саны 22 пайызға артқан. Мемлекет басшысының пікірінше, осы бағытта алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Полиция мектеп басшылығымен бірлесе жұмыс атқаруға тиіс.

«Жас ұрпақтың тағдыры, өмірі мен денсаулығы бәрінен маңызды. Үкіметке балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесін мұқият саралап, нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Жасөспірімдер бос жүрмеуге тиіс. Олардың шығармашылыққа, спортқа

қызығушылығын арттыру жағына көбірек көңіл бөлу қажет. Балаларды еңбекке баулып, волонтерлік қызметке жұмылдырған абзал. Көзбояушылық үшін жасалатын жұмысты доғару керек» деді Мемлекет басшысы.

КӨЗБӨАУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ДОҒАРУ КЕРЕК

Бұдан бөлек, Президент есірткінің таралуына бағыл түрде тосқауыл қоюды талап етті.

«Мен бірнеше рет осы мәселеге қатысты тапсырма бердім. Алайда ауыз толтырып айтатын нәтиже жоқ. Синтетикалық есірткінің қолжетімділігі және оның барынша тез таралуы жастар арасында нашақорлықтың белең алуына әкеп соқтырады. Оларға нашақорлықтың қаншалықты қатерлі екенін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Полиция есірткі өндіру, оны сату және таратуға қарсы белсенді күрес жүргізуі керек. Науқаншылдық, көзбояушылық және статистика үшін жұмыс істеу дегенді тоқтату қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар киберқылмыспен және интернет-алаяқтықпен күрес шараларын күшейту жөнінде тапсырма берілді.

«Ұрылар мен бандиттер түрмеде отыруы керек. Бұл – сіздердің криминалға қарсы әрекеттеріңіздің бірден-бір мақсаты. Қылмыстық топтармен ымырасыз күресу – сіздердің тікелей міндеттеріңіз әрі қызметтік борыштарыңыз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жазасын өтеп жатқандардың негізгі құқықтарын сақтау маңызды екенін атап өтті. Оның пікірінше, абақты дегеніміз айыпты адамды жазалау орны ғана емес, адамның қайтадан қылмыс жасауына жол бермейтін мекеме болуға тиіс.

АДАЛ ҚЫЗМЕТКЕРДІ ЛАЙЫҚТЫ БАҒАЛАЙЫҚ

Сонымен бірге Президент құқық қорғау органдарының қызметі халық арасында бүкіл мемлекеттік жүйенің бет-бейнесі туралы түсінік қалыптастырады деп санайды.

«Біз өздерінің қызметтік міндеттерін адал атқарып жүрген полицейлерді ескерусіз қалдырмауымыз керек. Әсіресе олардың нағыз ерлік істерін (ал мұндай жағдайлар аз емес), жұмысын лайықты бағалап, ең жоғары наградалармен марапаттауымыз қажет. Кәсібилік, жауапкершілік танытқан, ерлік көрсеткен нақты жағдайларды үлгі ету, ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру арқылы полицияның оң имиджін қалыптастыру маңызды» деді Мемлекет басшысы.

Алқа отырысы барысында Ішкі істер министрі Ержан Сәденов қылмысқа, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, жасөспірімдер арасындағы қылмысқа, интернет-алаяқтыққа қарсы күрес және оның алдын алу шаралары мен жүргізіліп жатқан жұмыстар, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі туралы есеп берді.



Қасым-Жомарт Тоқаев мұның, әсіресе, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте маңызы зор екеніне сенімді. Оның айтуынша, бұл жерде алдын алу жұмыстарының маңызы жедел әрекет ету және әділ жазасын беру ісінен кем емес.

«Өздеріңізге мәлім, бұған дейін мұндай қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейтуді қолдайтындымыз айтқан едім. Қылмыстық кодекске енгізілген тиісті түзетулер жақын арада қабылданады. Ішкі істер министрлігі өз қызметкерлерін жаңа жұмыс тәсіліне көшуге алдын ала дайындауы керек. Құқық қолдану тәжірибесіндегі бұған дейін

сарашыларды тарта отырып, бұл жұмысқа мұқият қарауы керек» деді Мемлекет басшысы.

ПОЛИЦИЯ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРУІ ТИІС

Президенттің айтуынша, полицияның сервистік моделінің негізгі қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыру қажет. Бұл, ең алдымен, қоғамның талап-тілегіне құлақ асып, шұғыл әрекет ете білу деген сөз.

«Халыққа ынтымақтастықтың өзара тиімді формасын ұсынып, кері байланыстың оңтайлы жолдарын реттеу маңызды. Бастамашыл және заңға қайшы әрекеттерге бей-жай қарамай-

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғаммен бірге полиция да түбегейлі өзгеруге тиіс екенін айтты.

«Полиция қашанда халыққа үлгі-өнеге болуы керек. Сонда ғана жұрт полицияға сенеді, оны қорған көреді. Өкінішке қарай, тәртіп сақшыларының бәрі бірдей сондай деп айта алмаймыз. Ауыр қылмыс жасаған қызметкерлер анықталып жатыр. Соңғы кезде мұндай оқиғалар жиілеп кетті. Бұған жол бермеуіміз керек және ондай әрекеттерді мүлдем ақтауға болмайды. Осындай жағдайлар бүкіл жеке құрамның жұмысын бір сәтте жоққа шығарады. Ондай адамдарды полиция

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Тель-Авивте Биньямин Нетаньяхудің үкіметіне қарсы жаппай наразылық шеруі өтті.

Жергілікті полицияның сөзінше, оған 100 мыңнан астам тұрғын қатысқан. Шерушілер үкіметтің ұстанған сот реформасына наразы. Айтуларынша, бұл саясат сот жүйесін әлсіретіп, үкімет күшін арттыруға бағытталған. Сол себепті олар биліктен Нетаньяхудің отставкаға кетіп, мерзімінен бұрын сайлау өткізуді талап етіп отыр.



Газа секторында опат болған палестиналықтардың саны 25 мыңнан асты.

Халықтың басым бөлігі Рафах лагерінде бас сауғалап жүр. Мұнда еріктілер нан пісіріп, осында қоныстанған палестиналықтарға таратып жатыр. Бірақ балалардан артылар емес. Өйткені наубайханада күніне 22 мың дана нан пісіріледі. Мұнда, жергілікті халықтан бөлек, 1 млн-ға жуық палестиналық көшіп келген.



Қытай көлік экспорты бойынша әлемде бірінші орынға шықты.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 5 миллиондай темір тұлпар сыртқа сатылған. Ең қызығы, 2020 жылға дейін көрсеткіш миллионнан да аспайтын. Сарапшылар бұл қарқынмен Қытайда көлік экспорты 2030 жылға қарай 9 миллионға дейін жетеді деп отыр. Сонда әлемдік нарықтағы үлесі 30 пайызға дейін артады.

КӘСІПКЕРЛЕР «КӨЛЕҢКЕДЕН» ҚАЛАЙ ШЫҒАДЫ?

Көптеген кәсіпкердің «көлеңкеден» шығуына ықпал ететін бөлшек салық мөлшерлемесінің төмендеуі жақында астаналық Кәсіпкерлер палатасының алаңында талқыланды.



Жуырда бөлшек салықтың арнайы режимін қолдануды көздейтін қызмет түрлерінің тізімі 190-нан 364 қызмет

түріне дейін ұлғайды. Өткен жылы ШОБ субъектілерін қолдау үшін елордалық мәслихат депутаттары өз шешімімен

бұл мөлшерлемені 4-тен 3 пайызға дейін төмендетті. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Құрамына мәслихат депутаттары, Мемлекеттік кірістер департаменті мен Кәсіпкерлер палатасының өкілдерін қосатын жұмыс тобын құруды ұсындым. Әйтпесе біз қалалық бюджетке ақшаның аз түсуіне тап болуымыз мүмкін. Барлық ұсынысты Үкіметтің қарауына енгіземіз. Әріптестерімізге астананың 5 ауданының әрқайсысында кәсіпкерлерді қолдаудың шағын орталықтарын ашу мүмкіндігін қарастыруды ұсындым, бірқатар қажетті қызметтерді, салық декларациялары мен есептерін тапсыру бойынша консультациялар алады. Сонымен қатар көптеген қызметтің цифрлы форматқа көшуін жеделдетуді және кәсіпкерлермен ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтуді ұсындым» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Астана қаласы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен Байқоңыр ауданы әкімдігі арасында Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзара ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум мақсаты – кәсіпкерлердің және тұтынушылардың құқығын қорғау, кәсіпкерлер қызметіне қолайлы жағдай жасау. Жиынға Байқоңыр аудандық құқық қорғау органдарының, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының өкілдері, бизнес өкілдері мен жеке кәсіпкерлер қатысты.

Байқоңыр ауданында бүгінгі таңда 35 мыңнан аса шағын және орта бизнес субъектілері, 12 базар, 24 сауда үйі, 144 жалпы тамақтану орындары, басқа да кәсіпкерлік нысандар тіркелген.

Аудан әкімі Талғат Рахманбердінің айтуынша, Байқоңыр ауданы елорданың ескі бөлігінде орналасқанмен, өнеркәсіп ошағын дамыту үшін қолайлы орын.

«Отандық немесе шетелдік инвесторлар аудан төңірегінде өз кәсібін жүзеге асырамын десе, қолдау көрсетуге қашан да дайынбыз. Әр сәрсенбі сайын Байқоңыр ауданы әкімдігі ғимаратында аудандағы кәсіпкерлерді қабылдау үшін арнайы «Кәсіпкерлер күні» белгіленді» деді Талғат Рахманберді.

ОЙ-ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ

Астана халықаралық университетінде Нұра ауданы Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбаты талқыланды. Жиынға Ардагерлер кеңесінің мүшелері, университет оқытушылары мен студенттер қатысты.

Онда сұхбатта айтылған идеяларды халық арасында ілгерілету мәселелері айтылды. Аға буын өкілдері атом электр станциясының құрылысы, Қазақстандағы гендерлік теңдік, азаматтардың әлеуметтік мәселелері, ұлттық тарихты зерттеу және дамыту сияқты мәселелерге қатысты өз пікірін білдірді.

Нұра ауданы Ардагерлер кеңесінің мүшесі Жеңіс Бөдешев Президент сұхбатын өткен жылдың дәстүрлі қорытындысы деп санайтынын айтты.

«Бұл кездесудің маңызы жоғары деп ойлаймын. Өйткені Президент сұхбат барысында еліміздің әлеуметтік-экономикалық және халықаралық жағдайына тоқталып өтті. Сұхбатта өткен 2023 жылды қорытындылап, алдағы уақытта іске асатын басым бағыттар мен саяси өзгерістер туралы жан-жақты айтты. Міне, сондықтан бұл кездесудің жастарға маңызы зор деп есептеймін. Иә, қазір жастар газет оқымайтыны белгілі. Сондықтан да осындай маңызды әрі салмақты сұхбаттарды аға буын өкілдері жастармен бірлесіп талқылауы қажет. Сонымен қатар Президент



Қаңтар оқиғасын тудырған себептерді, олардың кейбір салдарын атап көрсетті. Шын мәнінде, Президент елімізде демократияландыру процесі жоғары екенін және ол дамып келе жатқанын атап өтті» деді Ж.Бөдешев.

Профессор Серік Джалмаканов өз сөзінде Президент Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында осы күнге дейінгі халықты толғандырып отырған қоғамдық мәселелерге ашық жауап бергенін атап өтті.

«Президенттің «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қаруымыз керек» атты сұхбатын оқып, біраз керекті дүниелерді өзіме түрткі алдым. Ең әуелі, бұл сұхбаттың басты ерекшелігі – Президент осы күнге дейінгі саяси оқиғаларға, халықты толғандырып отырған қоғамдық мәселелерге ашық жауап беріпті. Дәл қазір қоғамда қызу талқыланып жатқан

атом станциясы мәселесіне жауап берді. Мұны енді халық шешетін болды. Сонымен қатар еліміз биыл бірнеше беделді халықаралық ұйымға төрағалық етеді. Атап айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымдары. Жалпы бұл сұхбат үлкендерге де, жастарға да ой салды деп пайымдаймын. Сондықтан да студенттерді осы сұхбатты толық оқуға шақырамын» деді профессор.

Жылы барысында Нұра ауданы Ардагерлер кеңесінің өзге мүшелері де ой-пікірін ортаға салып, жастармен бірге сұхбатта айтылған мәселелерді талқылады.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

Жапония Айға ғарыш кемесін ұшырған бесінші ел атанды.

Жеңіл модуль Жер серігіне сәтті қонды. «Құрылғыда нүктелік түсіру деп аталатын технология қолданылған. Ол алдыңғы Ай миссиясының модульдеріне қарағанда бақылауды көбірек қамтамасыз етеді» дейді мамандар. Айта кетерлігі, бұл – Жапония аэроғарыш агенттігінің 20 жыл жасаған зерттеуінің жемісі. Құрылғы Айды зерттеу үшін топырақ үлгілерін алып, арнайы камераның көмегімен минералдарды талдайды.



АҚШ-та аяздан 89 адам көз жұмды.

CBS News арнасының хабарлауынша, Теннесси штатының тұрғындары қатты зардап шегіп отыр. 45 мың тұрғын электр жарығынсыз қалған. Пенсильвания, Калифорния және Нью-Мексикода дауыл соқты. Жалпы Америка Құрама Штаттарының көп бөлігінде ауа температурасы -34 градусқа дейін төмендеген. Бірнеше штатта қалың қар жауып, жолдар жабылды.

Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында «Астана қаласы білім саласының дамуы, нәтижелері мен перспективалары» туралы Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев брифинг өткізді. Диалог алаңында білім саласының өзекті тақырыптары сөз болды. Бас қалада білім саласындағы серпінді жобалар жүзеге асып жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін елордада біршама жұмыс атқарылды.

БАСТЫ МІНДЕТ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ҚАНША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БАР?

Астанада қазіргі таңда 365544 баланы қамтып отырған 757 білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оның ішінде 525 балабақша, 172 мектеп, 32 колледж, 11 қосымша білім беру ұйымы және 15 арнайы білім беру ұйымы бар. Өткен жылы білім беру ұйымдары 102-ге артқан.

Астана қаласында 2023 жылы 11 мектеп іске қосылып, жаңа мектептер қаладағы 3 мектепте үш ауысыммен оқу мәселесі шешілді. Оқу жылының аяғына дейін тағы да 4 мектепті іске қосу жоспарланған.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ КӨЗҚАРАС

Ерекше балалар да қоғамда өздерін еркін сезінуі қажет. Сондықтан бүгінде елордада айрықша күтімге мұқтаж балаларға қолайлы орта қалыптастырып, білім берудің маңызы зор.

Елордада ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мемлекеттік қызмет көрсету шеңбері кеңейетін болады. Бүгінде 470 мыңға жуық балаға 8 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация жұмыс жасауда. Бұл жұмыс алдағы уақытта жалғасын табады.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі – мемлекеттің аса маңызды міндетінің бірі. Осы мақсатта Астана қаласы Білім басқармасы тарапынан кешенді жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда елордада барлық білім беру ұйымы цифрлы бейнебақылаумен қамтамасыз етілген. Барлық камера мен дабыл түймесі Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Орнатылған камералар барлық талапқа сәйкес келеді. Астана қаласында балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында барлық білім беру ұйымы толығымен цифрлы бейнебақылау камераларымен, турникеттермен, дабыл түймелерімен және жоғары жылдамдықтағы интернет желісімен қамтамасыз етілген. Мектеп қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі шаралар қабылдау жалғасады.

БАЛАБАҚШАМЕН ҚАМТУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды ұлғайту мақсатында 2023 жылы

10214 орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылып, ағымдағы жылы тағы 10000-нан аса орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылмақ. Сонымен қатар балабақшалардағы орын тапшылығын жою мақсатында 60 балабақша салу жоспарлануда. Бүгінде 10 балабақшаның жер телімі белгіленіп, жобалау жұмысы басталған. 2024 жылы 4 шағын орталықта инклюзияны қолдау кабинеті ашылады.

КАДР ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Сұранысқа ие кадрларды даярлау мақсатында мамандарға қажеттіліктің өңірлік картасы – жаңа кәсіптер атласы әзірленген. 2025 жылға қарай жастардың 100 пайызы тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ басқа аймақтардан келген студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мақсатында 1000 орындық «Студенттер үйі» салынады.

Қасымхан Сенғазыевтың айтуынша, жыл сайын мектеп оқушылары санының өсуіне байланысты 2026-2027 оқу жылына қарай Астанада 5 мың мұғалімге қажеттілік туындайды. Мемлекет басшысының елордада педагогикалық жоғары оқу орнын ашу туралы тапсырысын орындау мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы аясында педагогикалық колледжді педагогикалық университетке трансформациялау жұмысы басталған. Осы мақсатта Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында Абай атындағы ҚазҰПУ филиалы ашылады.

Білім басқармасы басшысының айтуынша, биыл елордада 6 мыңнан астам мұғалім біліктілігін арттыру курсынан өтеді. 2023 жылы мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшылары мен педагог қызметкерлерін қызметке тағайындау және қызметтен босату қағидаларына өзгеріс енгізілген. Өзгеріске сәйкес, білім беру саласындағы көшбасшыларды іріктеу және даярлау жөніндегі норма енгізілді. Бүгінгі таңда Білім министрінің бұйрығымен республикалық кадр резервіне енгізілген кандидаттардың тізімі бекітіліп, Астана қаласы бойынша осы кадрлық резервке 18 адам кірген.

Білім басқармасы ағымдағы жылы білім сапасын арттыру бойынша жұмыс жүйесін жетілдіруге нақты қадам жасады. Білім басқармасының мәліметінше, қалада қазіргі білім сапасы – 59,7 пайыз. Алдағы уақытта білім сапасын арттыруға бағытталған бірнеше жобаны жүзеге асыру, инфрақұрылымды дамыту жұмысы жоспарланған. Қазіргі таңда елорда мектептері электронды оқулықтармен 100 пайыз қамтамасыз етілген.



АСТАНА ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫНДА

– Алтынбек Жанатұлы, өткен жыл сіздер үшін несімен ерекшеленді?

– 2023 жыл біздің басқарма үшін жемісті болды десем артық айтпаймын. Ойға алған көптеген шаруа шешімін тапты. Солардың ең бастысы – 2035 жылға дейінгі Астана қаласының Бас жоспары бекітілді. Бұл – мән-маңызы зор құжат. Жасыратыны жоқ, бұрынғы жоспар ескіре бастады. Уақыт бір орында тұрмайды ғой. Кейбір мәселелер кейде біз ойлағаннан анағұрлым тез болып жатады. Міне, шаһардың өсу қарқыны о бастағы межелегеннен көп ілгері кетіп қалды. Сондықтан оған елеулі өзгеріс енгізуге тура келді. Оның бүгешігесіне тоқталсам, ұзақ уақыт алады. Тек кейбір маңызды тұсын атап өтейін. Жоғарыда айтып өткенімдей, жаңа Бас жоспарда қаланы 2035 жылға дейін дамытудың жан-жақты мүмкіндігі қарастырылды. Бұл жерде баса айтатын жай – тұрғын үй салу мен оның инфрақұрылымын үйлестіру. Басында халықтың өсуі 700-800 мың шамасында болады деп болжанса, дәл қазір ресми дерек бойынша елорда тұрғындары 1 миллион 350 мың адамнан асып кетті. Олардың баспанаға, балабақша мен мектепке, денсаулық сақтау нысандарына сұранысы болады. Оны қамтамасыз ету міндеті қойылады. Осы негізде біз Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығына сәйкес өткен жылы тамыз айынан бастап желтоқсан айына дейін бірнеше рет қоғамдық талқылау өткіздік. Онда тұрғындардың өтініші бойынша көптеген нысанның егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әлеуметтік нысандарға ауыстырылды. Дизайн-кодқа сәйкес үйлердің қасбетін ретке келтіру жұмысы басталды. Бұл құжатты 2019 жылдың желтоқсан айында Астана қаласының мәслихаты бекіткен еді. Жалпы дизайн-код – қала өркендеуінің негізгі бөлшегінің бірі. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – қаланы, қала көшелерін, орамдарды, орамды аймақтарды безендірудің бірыңғай сәулет үлгісі. Ол қала мекемелерінің маңдайшаларына, жарнамаларға, абаттандыру элементтеріне, навигацияға және көрнекі ақпаратқа да тікелей қатысты. Бұл ретте, жасыратыны жоқ, кейбір кәсіпкерлер витриналарға әртүрлі баннер мен стикер жабыстырады. Қаланың көрнекілік келбетін бұзатын мұндай көріністерге жол бермеу үшін аталған жұмыстарды жүзеге асыратын «Астана жарнама» мемлекеттік коммуналдық мекемесі құрылды.

Астана – мемлекеттің алтын бесігі, елдің жүрегі, тәуелсіздіктің ордасы. Соған сәйкес ол күннен-күнге ажарланып, көркейіп түсуде. Өнер, білім, мәдениет пен ғылымның орталығы – бас қаламызды бүгінде әлем таныды. Ғасырлар тоғысында ерке Есілдің жағасында бой көтерген сәулетті шаһардың ертеңі бүгіннен де нұрлы бола түспек. Біз бүгін осы бағытта елордада атқарылып жатқан жұмыстар туралы, оның алдағы даму жоспары мен өсіп-өркендеуі төңірегінде әңгіме өрбіту мақсатында Астана қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек АХМЕТОВТІ әңгімеге тарттық.

Бұдан бөлек, елордада 165 қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылып, 1 миллионнан астам жасыл желек отырғызылды. Құрылыс компаниялары үшін «Көгалдандыру жарғысы» жасалды. Астана қаласындағы мемориалдық кешеннің үздік эскиз-идеясына халықаралық сәулет байқауы жарияланды. Міне, бір жылда тындырылған шаруаларды қысқаша тұжырымдасақ, осылай болды.

– Жақында Қазақстан Республикасының Үкіметі Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарын бекітті. Енді осы құжатқа кеңірек тоқтала кетсеңіз.

– Өткен жылдың 31 қаңтарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізіп, бас шаһардың даму стратегиясына сәйкес жаңадан Бас жоспар дайындауды тапсырғаны мәлім. Президент

елордамыз дамудың жаңа үлгісіне көшуге, Астана инновациялық шаһар болуға тиіс екенін атап өтті. Әлемде қаланы басқарудың жаңа цифрлы тәсілдері қарқынды түрде еніп жатқанын, біз де оған баса назар аударуымыз керекін қадап айтты. Осыған орай, жан-жақты қоғамдық талқылаудан кейін тұрғындардың ұсыныс-пікірін ескере отырып, «Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарының» жаңа жобасы ұсынылды. Ол Үкіметте бекітілді.

Айту керек, құжатта қаланы кешенді түрде дамытудың негізгі бағыт-бағдары айқын көрсетілген. Ол – қала халқына сапалы қызмет көрсету және тіршілікті қамтамасыз ету үшін жасалған 148 жоспарлы сектор. Соның ішінде бірнеше тұрғын үй орамынан тұратын ірі қалалық аумақты айтуға болады. Онда жалпы білім беру мекемелерінің, балабақшалар-

дың жаяу баратын жерде болуы, балалардың көлік қозғалысы қарқынды жалпы қалалық магистралдарды кесіп өтуіне жол бермеу, қала тұрғындарының түрде еніп жатқанын, біз де оған баса назар аударуымыз керекін қадап айтты. Осыған орай, жан-жақты қоғамдық талқылаудан кейін тұрғындардың ұсыныс-пікірін ескере отырып, «Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарының» жаңа жобасы ұсынылды. Ол Үкіметте бекітілді.

2017 жылдың 6 ақпанында Астанаға Ақмола облысы Целиноград ауданының 8719 гектар жері қосылды. Осылайша, қала ауданы 79,7 мың гектар ұлғайды. Елордадан 30 шақырым радиуста шамамен 283 мың адам тұратын 46 елді мекен бар. Демек, қалаға күн сайын 85 мың адам келіп-кетеді деген сөз. Осыған орай, аталған құжатта маятниктік көші-қон жағдайын жақсарту, Астана агломерациясы аймағын дамыту, қосымша жұмыс орындарын ашу, өмір сапасын жақсарту мәселелері де көзделген.

Бүгінгі таңда елордада орта білім беретін 133 мектеп болса, 2035 жылға қарай 164 жаңа мектеп салынбақ. Оның ішінде 2025 жылға дейін – 74, 2025 жылға қарай 75 мектеп пайдалануға беру жоспарлануда.

Бұған қоса, қазір мектепке дейінгі балаларға арналған 429 мекеме болса, Бас жоспарда 2035 жылға қарай қосымша 175 балабақша салу басты мақсат етіп қойылды. Ал қаладағы 186 мемлекеттік және жеке меншіктегі денсаулық сақтау нысаны, Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға қарай тағы 93 нысанға артпақ.

Елордада екінші айналма жолдың құрылысы бітіп қалды. Сонымен қатар үшінші айналма жол салу жоспарланып отыр. Ол кенттенген аумақ шекарасы арқылы өтеді. Әрі қалаішілік транзиттік қозғалысты қамтамасыз етеді. Бұл айналма жол өндірістік аймақ арқылы қаланың шығыс, оңтүстік бөліктерін қамтып, Тельман елді мекенінен Талдықөл арқылы Ильинка, одан кейін Көкталға дейін жалғасады.

Жаңа Бас жоспарға сәйкес, келешекте елордада іскерлік аудандар жобасы іске аспақ. Осыған сәйкес, радиалды-айналма бағыттағы жолдар қиылысында көлік-ауыстырып отырғызу тораптары құрылады. Мұндай тораптар тек көлік инфрақұрылымын, яғни паркингті, терминалдарды, LRT, BRT стансаларын ғана емес, сонымен бірге, сауда-ойын-сауық кешендерін, бизнес орталықтарды, сауда залдарын қамтиды.

Қазіргі уақытта магистралды көшелер мен жолдардың қиылысында 21 жол айырығы бар. Ұзақ мерзімді келешекте, яғни 2035, 2050 жылдарға қарай тағы 69 жаңа құрылыс салу жоспарланып отыр. Таяу уақытта шағын айналма жолдарда бірнеше жол айырығын салу көзделген.

Бұған қоса, 2030 жылға дейін Астана қаласының инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Астана қаласын салу бойынша кешенді жоспар әзірлеу; Астана агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын түзету (өзектендіру); Астана агломерациясын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеу қарастырылған.

– «Астана – жайлы қала» тұжырымдамасы туралы не айтасыз?

– «Астана – жайлы қала» жобасының мақсаты – Астана қаласында жайлылық пен тұрақтылықты қалыптастырып, адамдардың денсаулығын нығайтуға жағдай жасау.

Жаңа жасыл аймақтар мен саябақтарды, скверлерді көбейтіп, тазалықты сақтау, айналма жол салу жоспарланып отыр. Ол кенттенген аумақ шекарасы арқылы өтеді. Әрі қалаішілік транзиттік қозғалысты қамтамасыз етеді. Бұл айналма жол өндірістік аймақ арқылы қаланың шығыс, оңтүстік бөліктерін қамтып, Тельман елді мекенінен Талдықөл арқылы Ильинка, одан кейін Көкталға дейін жалғасады.

раттардың энергия тұтынуын азайтып, ауа райына ыңғайлы инфрақұрылымдарды жүзеге асыру, қалдықтарды қайта өңдеу, көмірқышқыл газын шығарындыларын азайту, биоәртүрлілікті арттыру мастер-жоспары қарастырылған. Бұған Ж.Омаров көшесіндегі тарихи көшелер мен амфитеатрларды, «театр бульварын», Бейбітшілік көшесі бойындағы сәулет өнерінің белгілі нысандарын көркейту мен абаттандыру жұмыстарын да қосуға болады.

– Астана сәулетінің болашағы жайлы не айтуға болады?

– Болашақта құрылыс қарқынын Мыңжылдық аллеясы, Тельман тұрғын алабы мен Тұран даңғылының батысында жандандыру көзделуде.

Тұрғын үй қоры осы кезеңде (2035 жылға дейін) әр адамға 30 шаршы метрден 68,2 млн шаршы метр баспана салуды межелейді.

Рекреациялық аумақтардың ауданы 42,6 мың гектарға өсіп, 1 адамға есептегенде 18,7 ш.м-ден келуі керек.

Бас жоспарда елорданың «жасыл белдеуін» кеңейту де көзделген. Оған биыл қосымша 2700 гектар жер бөлінді.

2035 жылға қарай қаланың көше-жол желісінің ұзындығы 1000 км-ге дейін ұлғаяды деп жоспарланып отыр. Ал жалпы ұзындығы 2586 км-ге жетпек (қазіргі уақытта 1582,7 км).

Бас жоспар жобасы сонымен қатар BRT және LRT сияқты балама қоғамдық көлік түрлерін дамытуды қарастырады.

Негізгі магистралдарды түсіру үшін әсіресе Есіл ауданында 5 ірі көпір салу қарастырылған.

Баршаға аян, өткен жылдың соңында әл-Фараби даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына өтетін жаңа көпір ашылды. Енді Кенесары көшесі мен Қорғалжын тасжолын жалғайтын тағы бір көпірдің құрылысы басталды. Сондай-ақ 2035 жылға қарай Бас жоспарда 20 жаңа көлік айырығын іске қосу жоспарланса, оның 2-еуі 2022-2023 жылдары пайдалануға берілді.

– Көшелер мен аулаларды көркейту жұмысы қалай болмақ?

– Қала әкімдігі елорданы абаттандыру мен көгалдандыру тұжырымдамасын әзірледі. Осыған байланысты шаһардың 5 ауданында да тұрғындар өз идеясын мен ұсынысын ортаға салған қоғамдық талқылаулар өткізілді. Осы тұжырымдаманы әзірлеу кезінде қарапайым халықтың барлық сұранысы ескерілді.

Айталық, 2023 жылы 165 қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылып, 1 миллионнан астам жасыл желек отырғызылды. Енді алдағы 3 жылда 600 қоғамдық және аула кеңістігін абаттандыру жоспарлануда. Ең дұрысы, үйінің терезесінің алдында әрбір адам кем дегенде 3 ағаш егуі керек. Тұрғылықты жері кем дегенде 30 пайыз жасыл желекпен жабылуы керек, ал үлкен саябақ немесе жасыл аймақ үйден 300 метрден аспауы керек. Көшелердің бірыңғай стилі, үлкен жеміс ағаштары мен көпжылдық бұталарды отырғызу мәселесі қарастырылады. Осы мақсат-мүдделерді негізге ала отырып, қайта құру жөніндегі барлық жоба кедергісіз орта, инклюзия және көгалдандыру жарғысы қағидаттарында әзірленетін болады. Бұл – Қазақстан халқының сүйікті мегаполисі келешегінің кең пішілген, терең ойластырылған Бас жоспарындағы атқарылар жұмыстың негізгі тұжырымдары. Оны жүзеге асырып, бұқараның кәдесіне жарату баршамыздың азаматтық міндетіміз болуы керек.

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВТАРИФ ӨСІП
БАРАДЫ...

Ұялы байланыс – жақсы. Бүкіл шаруанды бітіресің. Айшылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар аласың. Дегенмен, «эй» дейтін «әже» болмағандықтан, осы саладағы монополистер қызмет бағасын шамадан тыс қымбаттатта бастады. Мәселен, Activ ұялы байланыс операторы өткен жылдың наурыз айында қызмет құнын 1800 теңгеден 2590 теңгеге көтерді еді. Қараша айында өз абоненттеріне «сіздің тариф жоспарыңыз 3290 теңге болды» деген тағы хабарлама жіберді.

Алайда бағаны өсіргеннен олардың қызмет сапасы жақсарып кетіп жатқан жоқ.

Ал ұялы байланыс операторлары мұны «Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 116-бабы мен «ҚР Байланыс туралы» заңының 20-бабына сәйкес байланыс операторы ұялы байланыс қызметі тарифін өзі белгілеуге құқылы. Осыған байланысты біз абоненттерге кем дегенде 30 күн бұрын хабарлама жіберіп, ескертіп, тарифтерді нарық талабына сай қызмет көлемі мен сапасына сәйкес көтере аламыз» деп түсіндіреді.

«Кселл» байланыс операторының жауапты қызметкері Нина Плетневаның айтуынша, тариф көтерілгені оларға мән-жайды білгісі келіп келушілер мен арызшағым айтушылар бірнеше есе көбейген көрінеді. «Алайда дейді ол – біз бәрін нарық заңына сай істеп отырмыз. Кейінгі кезде бізде абоненттер саны алты есе өсті. Осыған байланысты желіге түсетін жүктеме де артты. Қызмет сапасы мен жылдамдығын арттыру үшін қосымша жабдықтар сатып алуға тура келді. Ал мұндай қымбат жабдықтарды тек алыс шетелдерден жеткіземіз. Оның бәріне қомақты қаржы жұмсалып отыр».

Астана қаласының тұрғыны Қазура Серікова өзінің он бес жылдан бері Beeline ұялы байланысының абоненті екенін айтады. «Жақында өткен жылдың аяғында ұялы телефоныма олардың қызмет құнын айына – 3500-3700 теңгеге дейін көтеретіні туралы хабарлама келді. Өзімнің наразылығымды білдіріп орталық кеңсесіне барып едім «өкінішке қарай, тарифті қымбаттату – біздің шарасыздан істеп отырған әрекетіміз. Егер бұлай істемесек, өзіміз шығынға батамыз. Мұның себептері көп. Кірістеріміздің көп бөлігін инфляция жеп қойып отыр. Кейінгі кезде мобильді интернеттің сұранысы өсіп, бұл бағыттағы жүктемелерді азайту үшін қосымша жабдықтарды іске қостық. Егер біздің ұялы байланыс қиындық келтірсе, басқа арзандау операторға ауысуыңызға болады» деп кеңес берді» дейді.

ЖӨНСІЗДІКТЕР
РЕТТЕЛЕ МЕ?

Қазақстан Республикасының Баскелестікті қорғау және дамыту агенттігі 2023 жылдың 27 желтоқсанында үкіметтің gov.kz сайтында ұялы байланыстар операторларының нарықтық қызметі тұрғысында тексеру басталғаны туралы ақпарат таратты.

Көптеген абоненттердің қызмет бағасының өсуіне наразылық танытқан арыз-шағымнан кейін ұялы байланыс қызметінің тарифтік жоспарына талдау жасалып, жүзеге асырып отырған іс-шаралардың заңдылығы бақыланды.

Осыған сәйкес 2023 жылы ұялы байланыс операторларының тарифтік жоспарлары бойынша бағаның 7,7-ден 57,3 пайызға дейін көтерілгені анықталды. Мәселен, өткен жылдың мамыр-шілде айлары аралығында ғана ұялы байланыс операторлары өздерінің ресми сайттарында жариялаған ақпаратта ай сайын

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС
ҰЯЛМАЙТЫН БОЛДЫ

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында бір ауқатты адамның қолынан төрт бұрышты кірпішке ұқсаған телефонды көргенде сол кезде отыздың айналасындағы екі-үш жігіт «аузымызды ашып, көзімізді жұмып» таңғалғанымыз бар-ды. Сол кәсіпкер ағамыз салмағы шамамен үш-төрт келі тартатын ұялы байланысын қолынан тастамайтын. Қызығушылығымыз оянып: «Бұл не телефон?» деп сұрағанымызда: «Бұған сендердің шамаларың жетпейді. Бағасы бір құнажын тұрса, ұстап жүру шығыны үш құнажынның құнына тең ұялы байланыс» деп шірене жауап беретін. Келе-келе заман өзгерді. Қазір одан он есе жетілген қалта телефонын шіренген шенеунік қана емес, мектепке енді барған ауыл баласы да ұстап жүр. Тіпті қалта телефонысыз күнделікті тірлігін елестете алмайтын ұрпақ өсіп жетілді.

ғы абоненттік төлем мен 30-дан астам тарифтік жоспардың қызмет құны артқаны көрсеткен. Бұл шын мәнінде, қаттырақ айтсақ, бетімен кетушілік еді. Осыған байланысты құзырлы органдар қазіргі уақытта кәсіпкерлік кодекстің 199-бабының 3-тармағын ескере отырып, бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттердің белгілерін сақтамады немесе көпе-көрнеу бұзды деген күдікпен «Кселл» АҚ, «MT-C» ЖШС (Tele2/Altel) және «Кар-Тел» ЖШС (Beeline) ұялы операторларына қатысты кәсіпкерлік Кодекстің 170-бабы бойынша тергеу жүргізіп жатыр.

Елордалық кәсіпкер Айдар Бекжановтың пікірінше, Kcell де, Beeline де – нарықта өз орындарын әлдеқашан айқындап алған ұялы байланыс монополистері.

Олардың бағаны жылына екі рет көтеруі тіптен орынсыз. Оны айтасыз, олар былай да өздерінің тауынушыларынан ебін тауып ақша алудың басқа да жолдарын әбден меңгеріп алған. Тарифтік жоспар бір айға жетеді деп жарна-малағанмен, шын мәнінде жиырма сегіз күнде сізден жаңа тарифтің ақшасын алып отырады. Бұдан бөлек, телефоныңыздың «бөгде жүктемелерге қосылып кетіп» күн сайын бірлік жеуі де жиі болатыны жасырын емес. Міне, осындай жөңсіздіктерді реттеу үшін жаңа жыл қарсаңында еліміздің ұялы байланыс операторларының жұмыстары тексерілетін болды. Одан шығатын қорытынды – халыққа

көрсетілетін осы саладағы жұмысты оңтайландырып, бұрынғыдан да жақсартуды деген сенім мол.

НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ
БОЛМАҚ?

Ұялы телефон операторларының бағаны қымбаттаудағы тағы бір уәжі 5G желісін енгізумен байланысты дегенге саяды. Рас, бұл технология желіге ауқымды құрылыстарды қосуға мүмкіндік берді. Мәліметтерді беру жылдамдығын арттырды. Оның соңғы инновация жетістігі екенін ешкім де жоққа шығармайды. Қазақстан 5G енгізу жөнінде Орталық Азияда көш басында келеді. Бұл да – біздің ауыз толтырып айтар нәтижеміз.

Өткен жылдың қазан айында 35,9 Мбит/с-қа жеткен елдегі мобильді интернет жылдамдығының жыл басынан бері 68,6 пайызға көтерілуі – соның айғағы. Ал 2027 жылға дейін бұл үрдіс барлық облыс орталықтарын жаңа буын ұялы байланысымен қамтуға мүмкіндік береді деп отыр мамандар. Үкімет бұл жұмысты мерзімінен бұрын, 2025 жылдың соңына дейін аяқтаса, тіпті құба-құп, – дейді қоғамдық орта.

Алайда аяқ астынан бағаны шарықтатып жіберу осындай оң нәтижелерге көлеңкесін түсіріп тұрғанын жасыруға болмайды.

«Ұнамаса, басқа операторды таңдаңыз» деген жауапты қазір әркім де естиді. Тіпті кейбір қызметкерлер «біздің елімізді ұялы

байланыс дүниежүзіндегі ең арзаны болып отыр. Сондықтан аздаған мөлшерде қызмет құнын көтергенге наразылық білдіру дұрыс болмайды» деп көпшіліктің өзін көнеліткінін қайтерсіз.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы ұялы байланыс нарығының 80-85 пайызын Kcell мен Beeline операторлары иеленіп отыр. Ұялы байланыс нарығында халықтың сұранысын қанағаттандырып отырған жоғарыдағы екі байланыс операторларының бәсекелесі – Теле 2 мен Алтел.

Айтса айтқандай, кейінгі кезде ауылдық жерлердегі абоненттер мен шағын қалалардағы кейбір ұялы байланыс тұтынушыларының басым көпшілігі Теле 2 операторына ауыса бастады. Оның себебі де түсінікті.

Сонымен, Ыбырай атамиз жырлағандай, «өнер-білім бар жұрттар тастан сарай салғызып, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызып» бек қуантып еді. Алайда нарық деп қалтасының қамын күйтейтіндер халықтың бұл қуанышын көп көре бастағандай...

Бұған жол бермеуді көздеген қолында құзыреті бар тиісті органдар қазір «Kcell» АҚ (Kcell және Activ сауда маркалары), «Кар-Тел» ЖШС (Beeline сауда маркасы), «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Теле 2, Altel сауда маркасы) жұмыстарын алты ай бойы тексермекші. Нәтиже көпшіліктің көңілінен шығардай оң болады деп сенгіміз келеді.

САЛАНЫ
ЦИФРЛАНДЫРУ –
УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Биыл Париж Олимпиадасы мен оған іріктейтін құрлықтық және әлем чемпионаттары өтетінін дәйектеп, газетіміздің №2 (4590) нөмірінде мақала жаздық. Қысқасы, спортшылардың бабы мен бағын сынайтын дүбірлі додалар жылы болғалы тұр. Оның арғы жағында тұтас елдің спорттық имиджіне баға беріледі. Осы ретте, спорт саңлақтарының жетістігі ғылым мен медицинаға тәуелді екені рас! Астана қаласындағы Спорттық медициналық орталыққа барып, осы саланың жұмысына қанықтық.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

2022 жылға дейін спортшылар №5 қалалық емхана базасында кәсіби тексерістен өтіп, ем алатын. Онда спортшылар өзге пациентпен бірге кезек тұрып тексерілетін. Орталық ашылғалы Астана құрама командасының мүшелері және спорт мектебінің шәкірттері медициналық тексерістен өтіп, спорттық формасын тексеріп, қайта қалпына келу кезеңін бақылап жүр. Таңертеңгі уақытта орталықта адам қарасы қалың көрінді. Турнирге қатысуға спорт секциясына бару үшін тексеруден өтуде екен. Мекеме басшысы Азамат Ерқасымов қарсы алып, орталық жұмысымен таныстырды.

– Спорт және туризм министрі Ермек Маржықпаев спорт медицинасы мен фармакологияға маңыз беріп, сала мамандарымен кездесті. Әрі Париж Олимпиадасына жолдама алған және лицензиялы турнирлерге қатысатын спортшылар медициналық тұрғыда қажетті көмекті алу керектігін ескертті. Жылда екі рет біздің орталықта 13 мың спортшыны медициналық тексерістен өтіп, оңалту, физиотерапия алу, жарақаттан және физикалық жүктемеден кейін қайта қалпына келу үшін ем қабылдады, – деп сөзін бастады ол.

Орталықта спортшының эмоциялық көңіл-күйі мен физикалық әлеуетін бағалайтын заманауи құрылғымен қамтылған. Онда ультратрадыстық терапия аппараты, электротерапия аппараты, соққылы-толқынды терапия құрылғысы бар. Спортшы үшін керекті мобильді эргоспирометрия жүйесі, интервалды вакуумды және қарқынды магниттік терапия, дене құрамының анализаторы, контактілі диаметрияға бағытталған құрылғыны табуға болады. Таулы жерді имитациялау үшін гипоксиялық ауа генераторы бар үрлемелі модуль және салмақ реттейтін бар пневматикалық тренажер құнды аппаратты саналады.

– 2008 жылы Денсаулық сақтау министрлігі «спортшыны сауықтыру және емдеу біздің санатқа жатпайды» деп спорттық медицинадан бас тартты. Содан кейінгі уақытта отандық спорттың деңгейі белгілі. Әрине, спорттың құлдырауына түрлі объективті және субъективті себеп бар. Бастысы – спорт ғылымы кенжелеп, спорттық медицина өз деңгейінде дамымады. Жапония, Қытай, АҚШ және Еуропа елдерінен спорттық медицина бойынша ондаған жылға артта қалып кеттік. Біздегі жетістіктер – тәжірибелі бапкердің ізденісі, ынта-ықыласының нәтижесі. Алайда көп жаттықтырушы жаңашылдықты қабылдағысы келмейді, заманауи аппараттардың көмегіне жүгінгенді дұрыс көрмейді. Ал орталық органдарда ғылыми дәйектелген әдістемелік нұсқама жоқтың қасы. Жапонияда бір спортшының артында тренерден бөлек, диетолог, психолог, реабилитолог, массажист және дәрігер жүреді. Бізде бір командаға бір дәрігер мен массажист болады. Енді өзіңіз салыстырып көріңіз, – деді Азамат Ерқасымов.

Спикердің сөзінше, спорттың дамуында дәрігерлер де, психологтар да, массажистер те шешуші рөл атқарады. Спортшының формасын тексеруде заманауи аппараттардың игілігін пайдалану да маңызды.

– Криштиану Роналду 20 жылдан аса жоғары деңгейде өнер көрсетіп келеді. Мұның сыры – спорт ғалымына сүйенеді және психолог, диетолог, реабилитолог, массажист, дәрігер мамандармен бірлесіп жұмыс істеп, өзіне жоғары талап қояды. Бізде психологқа деген көзқарас бөлек. «Псих» деген комплексстен қашады. Бапкерлердің арасында шәкіртімен сырласып, ішкі көңіл-күйі туралы білсе, өзін «психологпын» деп таниды. Талантты спортшы ел чемпионатында дараланғанымен, шетелдегі турнирде өз әлеуетін көрсете алмай жатады. Неге? Мұндай спортшымен психолог жұмыс істеуі маңызды. Жапонияда әр спортшы цифрланған. Оның ептілігі, күші, жылдамдығы және тағы басқасы туралы ақпарат өздерінің интернет базасында болады. Ашық бәсеке осыдан басталады. Өйткені екінші немесе үшінші нөмірлі спортшы үздік спортшыға қарап, өзінің спорттық қабілетін арттыруға көңіл бөледі. Бізге де спорт саласын цифрландыру керек, – деді орталықтың директоры.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ**ӘЛІМЖЕТТІК
ҚАШАН ТЫЙЫЛАДЫ?**

Әйел отбасында қандай зорлық көрсе де, шаңырағы шайқалмасын деп бәріне төзуге әзір. Солай бола тұра отбасының қадірін қашырған орынсыз жанжалға көбіне әйелдердің өзін кінәлайды. Қазақ халқы «Барған жерінде тастай батып, судай сің» немесе «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» деп қызына бәріне көнуді, ата-ана атына кір келтірмеуді, өнегелі келін болуын тапсырған, қадағалап отырған. Қызы барған жерінде ұлмасын, төменшіктеп жүрмесін деп, шамалары жеткенше тойын жасап, жасауын беріп жатады. Алайда келін ретінде аттаған босағасында қара көз қыздарымыздың барлығы бірдей бақытты ғұмыр кешіп жатыр ма? Жанұядағы жанжалдың салдарынан әкеге деген жеккөрушілік сезімі жүрегін жаралаған талай бала тірі жетім атанып жүр емес пе?!

Үш баласымен уақытша дағдарыс орталығын паналаған келіншекке көмектескенім бар. Үсті-басы көк ала қойдай, таяқтан көгермеген жері жоқ келіншек он бес жылдан бері күйеуінен таяқ жеп, жақын жерде тұратын ата-енесінің бар қонағын күтіп, шаруасын істесе де сол әулеттің күңінде отырса опак, тұрса сопақ болғанын айтып күйініп келді. Ең жаманы – күйеуі құмар ойынға ақшасын шашып, басқа әйелдерге барып, ашық жүре бастаған. Басқамен хат жазысқанының үстінен түскен келіншек күйеуінен түсіндіруді талап еткенде, өлгенше таяққа жығып, сабап тастаған. «Ажырасамын» деп келді басында. Жергілікті полицияға арыз жазды, қажетті маманға барып, медициналық сараптама да алдық. Келіншектің апасы таксимен қасында жүрді, өйткені оны көрсе, жуан жұдырық қожайыны тағы қорқытып, үйіне алып кететінін білді. Балалары үйде еді. Сауысқаннан сақ күйеуі балаларының сыртқа шығуына тыйым салды, өзінен қорқып, туысының үйіне жасырынған келіншекті іздеуге көшті. Қыздың анасы баяғының адамы ғой, қызының күйеуден ажырасқанын қаламады, арыз жазғанын қабыл көрмеді. Келіншек күйеуінен қатты көңілі қалғаны соншалық, ол туралы айта, қайындай дірілдеп, аяқ-қолы қалшылдап, қиналағанын. Балаларды сенімді таксимен үйінен күйеуі жоқта алып кетті де біздердің көмектесуімізбен қаладағы әйелдер мен балалар уақытша тұратын Дағдарыс орталығына орналасты. Күйеуі жанталасып, атойлап барлық жерден іздеп, таба алмай, туыстарын, ауырып жүрген анасын мазалады, тіпті бейнебақылау камераларын қарап, бұлардың қайда жатқанын іздеп табады. Алпыс айла, қырық қулықты меңгерген байы «жаздым, жаңылдым, енді өйтпеймін, енді бүйтпеймін!» деп, өзіне де, балаларына да жаза берді, тыным бермеді... Дағдарыс орталығында келіншектің асықпай үш ай жатып ойлануына болатын еді, бірақ қазақы әдетіне тағы басып, қыз жылдар бойы қанап келген «тиранына» қайта барды.

– Бұл іс басына сабақ болды. Ол өлдердегі сөзін айтып уәде берді, қатты шошып қалған екен: «үш ай уақыт бер, бәрін реттеп беремін, тіпті үйді сенің атыңа өткіземін, сатам десең де өзің білесің, бірге тұрмаймын десең де өзің шешесің» деп кешірім сұрай берді, сұрай берді. Осы оқиғадан қатты қорыққан ол жылдар бойы барлық қорлыққа көніп келген мені



ӘЙЕЛ ЖАЙЫ АЛАНДАТАДЫ

Елімізде әйелдердің құқын қорғайтын гендерлік теңдік саясаты бар. Дүние жүзі халқының тең жартысынан астамын әйел заты құрағанымен, қоғамда толыққанды тепе-теңдік орнауы үшін әлі де біраз уақыт керек секілді. Нәзік жандарға қатысты әлімжеттік жасау, зорлық-зомбылық көрсету мәселесі әлі тыйылатын түрі жоқ. Отбасында ажырасулар көп, себебі әлеуметтік жағдай шиеленісті жағдайда, әйелдің талаптары жоғары, еркекте жұмыс жоқ немесе табысы аз, мінез-құлқы үйлеспейді, тағысын тағылар... Елдің әл-ауқаты көтерілмейінше, әлеуметтік мәселелер шешімін таппайынша, бұл проблемалар әзірге таусылмайтыны анық.

ойламапты олай жасайды деп... әсіресе, балаларды алып кеткесін ойлаған бәрінен айырылдым деп. Осы жолы қайта кешірдім, көрейін басқа салғанын...» деді келіншек жылап тұрып.

Кім отбасының ойран болғанын, балалардың әкесіз өскенін қалайды дейсің, бірақ осыдан күйеуі басқаша сабақ алса болыпты да деген ойға келдік. Заң жағын айтып, құқын талап еткеннің бір жақсы жері – күйеуі барғасын жұмысқа кіруге рұқсат беріп, өзіне көлік әперіпті, бала тәрбиесіне де қарайлайтын болыпты...

Бұл – бір ғана мысал. Мұндай отбасылар елімізде аз емес.

**ЗАҢМЕН ҚАЛАЙ
ҚОРҒАЙМЫЗ?**

Де-юре Қазақстан зайырлы мемлекет болып қала береді, бірақ іс жүзінде жыл сайын мұсылмандық келбетке ие болып келеді. Бұл көп әйел алу нормадан кету ретінде қабылданбайтын және әйелдерге қатысты кемсітушіліктің әртүрлі формаларына жол берілетін отбасы институтының өзгеруінен айқын көрінеді. Бірақ бұл біздің еліміз қабылдаған гендерлік теңдік міндеттемелерімен қалай үйлеседі? Мұндай қауіпті тенденцияны тоқтату үшін мемлекет не істеуі керек? Сарапшыларға сөз.

Біздің еліміздің тұрғындары Қазақстанның зайырлы құқықтық мемлекет екенін және олардың кез келген діндердің өсиеттерін ұстануға құқылы екенін, бірақ Конституция мен ҚР Заңдарына, сондай-ақ адам құқықтары

саласындағы халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерге қайшы келмейтін көлемде ғана есте ұстауы тиіс. Мысалы, Құранда ұрының қолын кесуді талап ететін ереже бар – мұндай шара VII ғасырда пенитенциарлық жүйе дамымаған кезде қолданылған. XXI ғасырда бұған жол берілмейтіні түсінікті, егер біреу қылмыскерлерді аяқ-қолдарынан айыруды талап ете бастаса, онда олар жай діни экстремизм үшін айыпталарды.

Сондықтан бүгінде Құранның кез келген нормаларын қоғамның қазіргі құрылымын ескере отырып түсіндіру керек. Адам құқықтарын шектеу немесе бұзу мақсатында оларды теріс пайдалануға жол берілмейді, оның ішінде отбасындағы әйелді қысым көрсетуге, басуға болмайды (ҚР Конституциясының 14-бабын, Неке және отбасы туралы кодекстің 30-бабын қараңыз). Мысалы, күйеуі әйелін орамал мен жабық киім киюге мәжбүр еткенде, бұл – оның жеке ісі. Шынайы сенушілер, ең алдымен, өздерін, іс-әрекеттері мен сөздерін қадағалап отыруы керек, бірақ ешкім цензура ретінде әрекет етуге және басқа адамдарға, тіпті отбасы мүшелеріне діни көзқарастарды таңуға құқылы емес. Бұл мінез-құлық діннің өзіне қайшы келеді, онда адам Құдайға өз еркімен келуі керек және одан да көп ҚР заңдарын бұзады (Қылмыстық Кодекстің 145-бабы).

Сол отбасылық абыюзерлер әйелдеріне физикалық зорлық-зомбылық көрсеткен

кезде, ал діни экстремистер қыздарды жыныстық қанаған кезде Құранмен сөйлейтіні бар. Олардың діни нежелері шамамен екі күнге созылады, содан кейін жұбайы «талақ» деп айтады да (араб тілінен аударғанда «ажырасу» дегенді білдіреді) және «әйелін» келесі адамға берді. Олардың көзқарасы бойынша зинақорлық болған жоқ, өйткені неке кезінде жыныстық қатынас жасалды. Бірақ адам құқықтары тұрғысынан әйел діни нормаларды әдейі бұрмаланған түсіндіру нәтижесінде жыныстық қанауға және бірнеше рет жақындыққа мәжбүр болды...

Бір қызығы, Орталық Азияның басқа елдерінде-Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанда – көп әйел алу қылмыс болып саналады, дегенмен бұл жерде халық Қазақстанға қарағанда діни тұрғыдан аз деп айтуға болмайды. Біздің полигамия үшін қылмыстық жауапкершілігіміз 1998 жылы жойылды. Бірақ бұл іс жүзінде мемлекеттік ресурстар мен салық төлеушілердің ақшасын ұрлап әкететін сыбайлас жемқорлыққа жол ашты. Орташа қазақстандық ер адамға өзінің орташа жалақысына қазір тіпті бір отбасын асырау қиын. Көбіне оны тамақтандыру үшін күйеуі де, әйелі де жұмыс істеуі керек.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер біз шын мәнінде құқықтық мемлекетте өмір сүргіміз келсе, онда ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауымыз керек. Әйелдерді немесе кез келген басқа адамды қандай да бір жолмен кемсітуді ақтау үшін ислам немесе басқа діндердің доғмаларымен жабуға болмайды.

Мұндай әйелдер заңмен қорғалмағаны анық және көбінесе қарым-қатынас үзілгеннен кейін олар ештеңемен қалмайды. Заңсыз жұбайының алдында ер адамның заңды міндеттемелері жоқ, егер ерлі-зайыптылардың балалары болса, ол заңды түрде әкесі ретінде жауап беруі керек (алимент, тәрбие және тағы

басқалары). Алайда дәл осы Заң қарапайым ерлі-зайыптылардың соты арқылы ажырасқан кезде жиі дәрменсіз болады...

Неліктен мемлекетімізде бұл мәселені шешімін таппайды? Өйткені бұл мәселенің екі жағы бар. Бір жағынан, көп әйел алуға тыйым салу арқылы сенушілер мен қоғамдағы жағдай жоғары бай адамдар арасында наразылық тудыруы мүмкін, олар үшін бірнеше әйел болу қалыпты жағдайға айналды. Екінші жағынан, осы процесті ретке келтіру және әйелдердің құқықтарын қорғау мақсатында полигамияны заңнамалық рәсімдеу елдің зайырлы негіздеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Мұндай шешім барлық конфессиялардан қазақстандықтар арасында өте танымал болмас еді. Бейтарап ұстанымды ұстану қалады, оны отбасылық істерге және жалпы адами қатынастардың жақын саласына араласпау саясатымен түсіндіреді. Сондықтан әзірге бұл мәселе тыныш күйінде қала береді...

2023 жылдың қыркүйек айынан бастап отбасыларға ақпараттық-түсіндіру шараларын жүргізу басталды. Бұл туралы ҚР премьер-министрінің депутаттар сауалына берген жауабында айтылды. Бұл, негізінен, e-gov платформасындағы жадынама, офлайн, онлайн форматтағы бейнеролик, семинар мен тренингтер және басқа да шаралар.

«Отбасы құндылықтарды одан әрі нығайту мақсатында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, осы жылдың қыркүйек айында некеге тұрған ерлі-зайыптылар үшін оң ықпалы бар отбасылық дәстүрлер мен рухани-адамгершілік құндылықтарды сақтау, отбасын жоспарлау және ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығын қорғау мәселесі бойынша некеге тұрған ерлі-зайыптылар үшін ақпараттық-түсіндіру шараларының кешенін іске қосуды жоспарлайды» делінген жауапта.

**ӘЙЕЛДІ ӘЙЕЛ
ТҮСІНЕ МЕ?**

Мынадай қызық сұрақ туындайды: неге әйелдер әйелдердің мәселесін түсінсе де түсінгісі келмейді?

Әйел деген негізі қызық жаратылыс ғой, шыны керек, ерлер түгілі, өзіміз де кейде түсіне бермейтін халдеміз. Күндей күлімдеп отырып, бір сәтте өзгеріп, түңдей түнеріп қалатыны және бар. Бұған бір жағынан денсаулығы сыр берсе, бір жағынан айналасындағы әртүрлі факторлар әсер етуі әбден мүмкін. Кешегі күйеуінің қолынан қайтыс болған Салтанат Нүкенованы қарап отырып қаралаған әйелдер де жоқ емес.

Егер әйел, қыз бала отбасында, ең жақын деген күйеуі, серіктесінің қасында өзін қауіпсіз сезіне алмаса, күйеуі оның қауіпсіздігіне кепілдік болмаса, ол қорғау мен қамқорлықты қайдан алады, қайдан іздейді?! Сосын әйелдер отбасында ғана зорлық көреді деп ойласаңыз, қателесесіз. Ол өмір сүретін қоғамда да, ортада да әйелдер үшін қауіпсіз орын аз шығар. Өйткені Ұлттық статистика бюросының мәлімдеуінше, елімізде жыныстық серіктесі емес, мүлдем бөгде адамның тарапынан күш көрсету немесе сексуалдық зорлық-зомбылыққа тап болған әйелдердің саны да жетерлік.

Елімізде әйелдерін ұратын еркектер қаншама?! Оларға қалайда көмек қолын созуымыз керек. Болашағымызды тәрбиелеп отырған аналар қолдаусыз қалмауы тиіс.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Аманғали
КАЛЖАҢОВ

ТҮРКСОЙ бас хатшысының Қазақстан бойынша кеңесшісі, Қазақстан Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, академик Кәрімбек Құрманәлі жүргізген жиынға ТҮРКСОЙ мен Түркия академиясымен қатар бірнеше ведомство басшылары, Парламент депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі қаламгерлер мен ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, елордадағы Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицей ұжымы қатысты.

Быттыр Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» кітабын Мәдениет және ақпарат министрлігі мемлекеттік тапсырыспен жарыққа шығарып, еліміздің кітапханалары мен мемлекеттік мекемелеріне таратты. Тұсаукесерде мұны министрдің орынбасары Арман Жүдебаев атап өтті.

– Темірбек Жүргенов иісі қазақтың ғана емес, түркі мәдениеті мен руханиятының, өнері мен оқу-ағарту саласының дамуына тер төккен, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сыншы, көсемсөзші екені баршамызға аян. Темірбек Жүргенов жылы елімізде, сонымен қатар Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Әзербайжан мемлекеттерінде кеңінен аталып өтті. Себебі ол – түбі бір түркі елдеріне ортақ нар тұлға. Сан қырлы тұлғаның әр саладағы қолтаңбасы таңғажайып тарихи шешімдерге толы, – деді Арман Жүдебаев.

Темірбек Жүргеновтің еңбектеріне тоқталған министрдің орынбасары Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының директоры болған кездегі Мәскеуден ірі ғалымдарды шақыртып, іргелі пәндерді қазақ тіліне аудартқанын, термелер жинағын құрастыруға атсалысқанын атап өтті. Тәжікстанның қаржы комиссары, Өзбекстан-

Өткен 2023 жыл ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының шешімімен түркі әлеміндегі Темірбек Жүргенов жылы болып жарияланды. Соның аясында жыл бойы Қазақстанда да, бауырлас елдерде де көрнекті мемлекет қайраткерін ұлықтау бағытында бірқатар іс-шаралар өтті. Оған ТҮРКСОЙ ұйымымен бірге халықаралық Түркі академиясы атсалысты. Соның ішінде жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» кітабы түрік тіліне аударылып, Алмажан Өтеғалиеваның «Темірбек Жүргенов: триумф и трагедия» кітабы орыс тілінде жарық көрді. Кеше Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада аталмыш еңбектердің тұсаукесері өтті.

ның және Қазақстанның халық ағарту комиссары қызметтерінде атқарғанына тоқталды. Қазақтың қабырғалы қаламгерлері мен қайраткерлеріне қолдау көрсетіп, кейін дәрияға айналған бұлақ көзін ашқанын, Қазақстанда алғашқы музыка театрының ашылуына мұрындық болғанын айтты. Темірбек Жүргеновтің қайраткерлік қасиетінен бөлек қаламгерлігіне тоқталып, 7 кітап, 150-ден астам әдеби-публицистикалық мақалаларды жазып, таусылмас қазына, құнды мұра қалдырғанын, әсіресе театр өнерін өз тұңғырына қондырудағы ерен еңбегін атап өтті.

– Оның қызмет еткен жылдары Қазақстанның барлық өңірлерінде драмалық, музыкалық ұжымдар құрыла бастады. Ел ішіндегі өнер майталмандары бір арнаға тоғысып, жыраулар мен жыршылар, термешілер мен барша өнерпаздар қосылып, кәсіби өнер орталықтары бой көтерді. Мұның бәрі – Темірбек Қараұлының асқан ұйымдастырушылығының арқасы. Қазақ мәдениетінің темірқазығындай тұлғаның болмысы баршамызға үлгі. Сөзімді қазақтың классик жазушысы Әбіш Кекілбайұлының мына айтқанымен аяқтағым келеді: «Біз қазақ мәдениетінің шырқау шыңдары үшін Темірбек Жүргенов рухының алдында қарыздармыз» деді Арман Жүдебаев.

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев өз баяндамасында Темірбек Жүргенов Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі оқу-ағарту,



мәдениет, әдебиет пен өнер салаларының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы ауыр жылдары халықтың бағына туып, өзгеше жарқырап өткен жарық жұлдыз екенін, найзағайдай жарқ етіп жылдам сөнсе де, артында өлмейтін, өшпейтін із қалдырғанын ерекше атап өтті.

– Темірбек Жүргенов бүкіл өмірін қазақ елінің азаттығына, еркіндігіне, егемендігіне арнады. Өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарындағы үркердей ғана қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі Жүргеновтің азаматтық істерінен қазақ ұлты оянып, серпілі, ұлттық тәуелсіздік жолында күресе бастады. Ол Нәзір

Төреқұлов, Әліби Жангелдин секілді қайраткерлермен иық тіресіп, қазақ халқының мүддесіне аянбай қызмет етті, – деген Сұлтан Раев Темірбек Жүргеновтің атқарған қызметтеріне тоқталды. Соның ішінде Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин, Әбілхан Қастеев сынды өнер иелерінің шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасағанын атап өтті. Александр Затаевичке қазақ музыкасы туралы көптеген мәлімет бергенін, Қазақстандағы мектеп жүйесін реттеп, қазақ мектептерін көбейту туралы қаулыны қабылдап, 400 қазақ мектебінің ашылуына тікелей ықпал еткенін айтты.

«Комиссар Жүргенов» кітабының жазылуына Темірбек

Жүргенов қоғамдық қорының төрағасы Сәби Аңсат мұрындық болды. Жиында сөз сөйлеген ол Темірбек Жүргеновке қатысты іс-шараларды үнемі қолдау көрсетіп келе жатқан ТҮРКСОЙ ұйымының басшылығына алғысын жеткізді.

– Лияс Омаров 1967 жылы Мәдениет министрі болғанда Халық әртісі Қанабек Байсейітов кабинетіне кіргенде төрде ілініп тұрған Жүргеновтің портретін көреді. Қаныбек «Мынаны қалай мұрағат деректеріне сүйене отырып жазылған монографиялық еңбегінде Қазақ АКСР-нің Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі жан-жақты ашылған. Оның қызметінің негізгі бағыттары сауатсыздықпен күресу, әліпбиді өзгерту және қазақ тілін дамыту, мектеп пен университеттік білім берудің біртұтас жүйесін қалыптастыру, қазақ ғылымының, кәсіби өнер жанрларының негіздерін жасау, қазақ халқының мәдениетін сақтау және дамыту болғандығы баяндалады.

Белгілі ғалым, академик, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы «Қазақ» газетінен кейін жарыққа шыққан «Қазақ мұны» газеті зерттелмей жатқанын, бұл басылымның жарық көруіне Темірбек Жүргенов атсалысқанын айтты. Қазір тұлғаларды бір-біріне қарсы қою белең алғанын, осы жағы дұрыс емес екенін атап өтті. Парламент Сенатының депутаттары Дархан Қыдырәлі мен Руслан Рүстемов, белгілі ғалымдар Амантай Шәріп, Орақ Әлиев, Әбдіжәлел Бәкір, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық меднация кеңесінің төрағасы, Астана қаласы өзбек этномәдени орталығының төрағасы Шерзод Пулатов сөз сөйлеп, ұсыныстарын жеткізді. Іс-шара соңында ТҮРКСОЙ ұйымының атынан естелік сыйлықтар тапсырылды.

Жиында тұсауы кесілген кітаптардың авторлары еңбектері таныстырылды. Жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» романында аса көрнекті мемлекет, қоғам және мә-

ҚҰРТТЫ ҚАЛАЙ ШАҚЫРҒАН?

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Біздің ауылда Бәтін деген кемпір болды. Қарғысы қатты еді, жарықтықтың. Жалпы ел ішінде қарғысы қатты адамдар болатыны шындық. Қазақта әйелдің аузында дуа болмайды деген ұғым бар. «Әке қарғысы оқ, шеше қарғысы бок» деген сөз соған қаратылған болса керек. Әйелдің қарғыс айтуға, біреуді лағнеттей салуға болмысы да, тілі де жақын тұратындықтан, Алла әйелдің аузынан дуаны алып тастаған дейді ғұламалар. «Дуалы ауыз әйел» деген тіркестің болмауы да осы ұғыммен қатысты. Дегенмен, сол әйелдердің арасында да қарғысы қатты адамдар болады. Әсіресе, әйелдің қара тілдісінің қарғысы өте қатты болады. Бәтін апаның аузын кім аштырып көріпті, бірақ «қарғысы қатты» деп көп адам именетіні рас. Сол Бәтін кемпір құрт шақырады деп естігінбіз.

Бірде Бәтін құдағи біздің үйге келе қалды, шай үстінде шешем «баламның тісі қақсап жүр, шақырып бересің бе?» деп еді, Бәтін апа: Оның түк те қиындығы жоқ, меңдуана әкел де шақыра бер, құрт болса өзі түседі, – деді. Шешемнің айтуынша, менің нағашы апам Ажар да құрт шақырудың хас шебері болған. Шешем құрт шақырудың әдісін бала күнінде сол кісіден көрген.

Сонымен сол түні тісі қақсаған ағамды етпетінен жатқызып қойып құрт шақыруға кірістік. Алдымен

Қазіргідей тіс емханалары жоқ заманда қазақ тіс қақсағанды әртүрлі жолмен өзінше емдеді. Сол емнің бірі – құрт шақыру.

Бұл емді кез келген адам жасай алмайды. Көпті көрген аналар, қазақы дүниетанымына жүйрік апалар болмаса, қарапайым қазақ әйелдері шақырғанмен, құрт түспейді. Естіген құлақ, көрген көзде айып бар ма?! Үлкендердің солай деп айтқаны құлағымда қалыпты.



ешкінің майын кесеге ерітіп алдық та, оған меңдуананы араластырып, жалпақтап жыртып алынған ақ шүберекті шыладық. Әбден май сіңіп, меңдуана жабысқан соң оны шиге орап шырақ жасадық. Содан үш шырақты тұтаттық. Тісі қақсаған адам мұрнын шырақтан шыққан түтінге таятып,

басын бүркеп аузынан сілекейін үзіліссіз ағызып отыруы тиіс. Ал қалған балалар шешемнің айтуы бойынша ыдыс-аяқты салдырлатып:

Ақсарбас құрттым гөй-гөй,
Қарабас құрттым гөй-гөй.
Барар жерің қалмады,
Басар тауың қалмады.

Түспеген енді нең қалды?!
Ақсарбас құрттым түсе гөй,
Қарабас құрттым түсе гөй...
деп шулап жөнелдік.

Бір жағынан, қызық көріп, енді бір жағынан шынымен құрт түсе ме екен деген таңданыспен ыдысты даңғырлатып, тамағымыз жыртылғанша айғайладық. Ешкінің майы қандай жақсы жанады, мағаға жабысқан меңдуана қосылып, бытыр-бытыр етіп жанып жатты. Ал ағам алдындағы табаққа (құрт түссе көрейік деп әдейі ақ табақ қойып қойдық) сілекейін ағызып мүлгіп отырды. Үш шырақ жанып біткенде табаққа аққан сілекейге қарасақ, сіздерге өтірік, маған шын, сілекей ішінде 5-6 ақ сарбас, қарабас құрт жүр. Өте ұсақ, анықтап қарамаса көзге көрінбейді. «О, түсіпті!» дедік. Бірақ ағамның тісінің қақсағаны аз басылғандай болды да, ертесі қайта қақсады. «Мүмкін түспей қалған құрттар болса керек» деп топшыладық. Мен осы өңгімені көрші үйдің балаларына айтып едім, Секен дейтін жігіт сенбейтін сыңай танытты.

– Адамның аузындағы қайдағы құрт? – деді ол.

– Ойбай, құрт болады екен, біз шақырғанда ағамның аузынан 5-6 құрт түсті гөй, – деп мен де бой бермедім.

Келесі жылдың күзінде Секен енгіліп жетті. Бір қызығы, құрттың қайдан келгенін білдім, – деді. – Қайдан кепті? – деп үдірейдік біз.

– Ол құрт адамның аузынан түскен жоқ, керісінше майға шылған меңдуанадан шыққан. Сенбесеңдер, ақ матаны жайып ортасына меңдуананы өртеп көріңдер, ақ матаның үсті ақ сарбас, қара бас құртқа толып кетеді екен, – деді. Секенге сенбей сынап көрдік. Рас боп шықты. Оның үстіне, қазақ тісі қақса, тісі шірісе, «тісімді құрт жеп» немесе «тісіме қанқұрт түсіп» деп айтқанымен, оның құртпен қатысы жоқ, қанның бұзылуынан, тістің шіруінен болатын ауру екенін де кейін білдік.

Бір қызығы, құрт шақыру қазақ даласында бұрыннан бар екенін Ахмет Байтұрсынұлы да жазып, мынадай мәлімет қалдырғаны:

«Құрт шақыру – тісі ауырған адамның тісін құрт жейді деп, сол құртты түсіру үшін емшілердің айтатын сөздері болады. Сол құрт шақыру сөздері деп аталады. Мысалдар:

Тойғын-тойғын түйе кел,
Төңірегін жия кел!
Ақ желегін сала кел!

Ағайыныңды ала кел!
Сарбас түйгын, күйім, күйім!

Қара бас түйгын, күйім, күйім!
Жайлаған жерді жау алды,
Қыстаған жерді өрт алды.

Жайлаған жерден қашып кел!
Жайнаған жауды басып кел!
Қыстаған жерден қашып кел!
Жетер-жетер, күйім, күйім!
Басар-басар, күйім, күйім!

Арқадағы алты құрт,
Арқаласып келер құрт.
Желкедегі жеті құрт,
Желкелесіп келер құрт.
Ауыздағы алты құрт,
Азуласып келер құрт.
Басар, басар, кә, кә!
Басып келер, кә, кә!
Жетер-жетер, кә, кә!
Түйгын-түйгын, кә, кә!
Түйіңсен келер, кә, кә!».

Құрт шақыру жайлы Мұхтар Әуезов та жазған. Бірақ ол кісі мұны арбау ұғымымен байланыстырып, «Тісі құрт жейді деген ұғым дүние жүзі халықтарының көбінде-ақ кездеседі. Құртты орналасқан жерінен шақырып алса, құлып түссе, не өлтірсе, тіс жазылып кетеді деген сенім арбаудың магиялық күшін үстемелі түскен» деп жазады.

Қысқасы, байырғы қазақтарда жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру сынды ғұрыптық әдеттер болған. Бұл күнде оның бәрі ұмытылған. Айтсаң күлкілі. Оның үстіне, әсіре діншілдік асқыған бүгінгі қоғамда оны «шірк қоғу» деп қарап, ұлт ұғымынан шеттеткісі келетіндер де жоқ емес.



ШЫҒЫС ӨНЕРПАЗДАРЫНЫҢ ШАШУЫ

Астанада Шығыс Қазақстан облысы әкімінің симфониялық оркестрінің «Классикалық музыка кеші» концерті өтті. Іс-шара аталмыш өнер ұжымының 20 жылдығына арналды.

Ұжымның бас дирижері – Александр Галсанов. Концерттік бағдарламада қазақстандық және шетелдік белгілі композиторлардың вокалдык, классикалық және аспаптық шығармалары орындалды. Концертке «Ертіс концерт» КМҚК халықаралық және республикалық байқаларының лауреаттары Ботагөз Жұмабекова, Жанат Бисімбаев, Арника Байбосынова, Абай Қайырбек, Дарын Бисаринов, Мәдениет саласының үздігі Айжан Мазкенова, Мәдениет қайраткері Альмира Нұрғожина, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Вячеслав Ткач қатысты.

«Астана опера» театрының Күләш Байсейітова атындағы камералық залында әнші, педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Аманкелді Сембинге арналған «Сөнбеген сәуле» атты музыкалық кеші өтті. Оған тенор дауысты әншілер Артур Ғабдиев, Қуаныш Мұхамәдиев қатысты. Концертмейстер – Зәру Жазықбаева.

СӨНБЕГЕН СӘУЛЕ

«Астана опера» театрының Күләш Байсейітова атындағы камералық залында әнші, педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Аманкелді Сембинге арналған «Сөнбеген сәуле» атты музыкалық кеші өтті. Оған тенор дауысты әншілер Артур Ғабдиев, Қуаныш Мұхамәдиев қатысты. Концертмейстер – Зәру Жазықбаева.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Амангелді Сембин – «Ла Скала» ән салған тұңғыш қазақ. «Ла Скала» сахнасында әлемге танымал өнер майталмандары ғана көрсетеді. Өткен ғасырдың 70-жылдары бұл театр сахнасында тұңғыш қазақ баласына ән шырқау бақыты бұйырды. Қазақ операсы тарихында Амангелді Сембин есімі А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абайында», М.Төлебаевтың «Біржан – Сарасында», Дж.Вердидің «Травиатасы» мен «Риголеттосында», П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегинінде», Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде», С.Мұхамеджановтың «Жұмбақ қызында», Дж.Пуччинидің «ЧиоЧио-Санында», Ш.Гуноның «Фаусында», Моцарттың «Дон Жуанында» белгілі партияларды өз деңгейінде орындаған опера әншісі ретінде де қалды.

Бағдарламада халық әндері, С.Рахманинов, Н.Римский-Корсаков, П.Тости, П.Москаны және тағы басқа романстары орындалды. Танымал классикалық музыкаға көрермендер ду қол шапалақтап, ерекше дарын, айрықша дауыс иесі Аманкелді Сембинді еске алып, керемет көңіл-күймен қайтты.

2018 жылдың соңындағы Forbes Kazakhstan жасаған рейтинг бойынша Әбілхан Қастеев қазақстандық «қымбат» авторлардың қатарына енген. Оның ақварельмен салынған суреттері 10-25 мың долларға бағалана, кенептері

ҚАСТЕЕВ ҚАСИЕТТЕРІ

Астана қаласы Бірлескен музейлер дирекциясына қарасты Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының зерттеу жұмысы бөлімінің басшысы М.Исаева №14 мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушыларына қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі суретшінің 120 жыл толуына орай «Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы» атты дәріс өткізді. Ал Ұлттық музей қылқалам шебері жайында 5 қызық дерек дайындады.

1. Бала кезінен өнерге жақын болған

Табиғаттың сан түрлі бояуын жадна тоқып өскен Әбілханның суретшілік дарынының ұштала түсуіне анасы көп әсер еткен. Қалипа шешей он саусағынан өнері тамған шебер болған. Тумысынан зерек, өнерлі Әбілхан анасына көмектесе жүріп, сырмаққа, текеметке арналған оюлардың түр-түрін салып оя білген. Сондай-ақ қолына түскен заттардан түрлі әшекейлер жасай бастайды. Ауыл қыздары Әбілханның жасаған бұйымдарын көру үшін мал өрістен қайтатын уақытты асыға күткен. Біраз уақыттан кейін Әбілхан адамдардың мүсінін жасауға көшеді. Алайда мүсін жасауды ауылдастары «күнә» санап, кішкентай суретшіні «Құдайға қарсы келдің!» деп айыптайды.

2. Түркісіб теміржолын салуға қатысқан

Әбілхан Қастеев Түркістан-Сібір теміржолының құрылысында үш жыл жұмыс жасаған. Бос уақытында ол саздан түрлі мүсіндер жасап, жұмысшылардың портреттерін салған. Кейін, яғни 1969 жылы Қазақстанның ең танымал суретшісі атанған Қастеев Түркісіб туралы естелігін кенеп бетіне түсіреді. Композицияда қазақ даласын бірінші рет басып өткен пойыз бен оны тамашалауға шыққан адамдар бейнеленген.

3. Қазақстандық ең қымбат суретшілердің бірі

2018 жылдың соңындағы Forbes Kazakhstan жасаған рейтинг бойынша Әбілхан Қастеев қазақстандық «қымбат» авторлардың қатарына енген. Оның ақварельмен салынған суреттері 10-25 мың долларға бағалана, кенептері



40-80 мың долларға сатылады екен. Ал осыдан біраз жыл бұрын оның «Пейзаж» атты картинасы 413 мың долларға аукционға қойылған көрінеді.

4. Қоғамдық қызметпен де айналысқан

Шығармашылықтан бөлек Әбілхан Қастеев қоғамдық қызметпен де айналысқан. Ол екі рет (1955 және 1959 жылдары) Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданының атынан Қазақ ССР-інің Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланған. Әбілхан Қастеев ауылды жерлерде мектеп, емхана салуға себепкер болғаннан бөлек, жазықсыз сотталғандарды ақтап алуға да көмектескен.

5. Амангелді Имановтың портретін салуға ұзақ дайындалған

1916 жылғы халық көтерілісінің 20 жылдығына орай көрме өтетін болып, Әбілхан Қастеев революция тақырыбында бірнеше картина-

лар жазады. Бірақ өзінің ең танымал туындыларының бірі Амангелді Имановтың портретін салу үшін суретші ұзақ дайындалады. Бірде-бір суреті сақталмаған батырдың бейнесін барынша ұқсату мақсатында Әбілхан Торғай облысына барып, Амангелдінің туыстарымен сұхбат құрып, А. Имановты жақсы білген Әліби Жангелдинмен әңгімелеседі. Осылайша Әбілхан Амангелдіні көрген-білген жандардың суреттеуі бойынша бірнеше нобайын жасайды. Бірақ көлемді портретін тек 1950 жылы салған. Амангелдіні таниындар картинаны көргенде ұқсастықты байқап, қатты таңқалған деседі. Осы туындыдан кейін Әбілхан Қастеевке Халық суретшісі атағы беріледі. Сонымен қатар 1970 жылы Әбілхан тағы да 1916 жылғы көтеріліс тақырыбына оралып, «Амангелді сарбаздары» картинасын жазды.

БАЙРАҚТЫ ЖАРЫС АЛДЫНДАҒЫ БӘСЕКЕ

Жеңіл атлетикадан әуесқойлар арасындағы Indoor Run Astana-2024 жарысы ұйымдастырылды, деп хабарлайды Астана әкімдігінің ресми сайты.

Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде 100-ден аса әуесқой спортшы бас қосып, бірнеше қашықтық бойынша жүлдегерлерді анықтады.

«Дәл осы спорт кешенінде келесі аптада алғаш рет World Athletics Indoor Tour Gold Label турнирі өткізіледі. Айтулы жарыста Олимпиада жүлдегерлері, әлем чемпиондары, атақты спортшылар өнер көрсетеді. Міне, сіздер де жеңіл атлетикалық Qazaqstan спорт кешенінде екінші мәрте жарысқа қатысып жатырсыздар. Сіздердің де көрсеткіштеріңіз жақсарып, халықаралық деңгейге көтерілуіңізді тілеймін!» деді Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы

басшысының міндетін атқарушы Еркеғали Карбозов сайыстың ашылу салтанатында.

Сайысқа елімізден өзге Ресей, Ұлыбритания сынды мемлекеттерден әуесқой спортшылар қатысты.

«Бұған дейін триатлон спортымен айналысып келдім. Енді әуесқойлар арасындағы жеңіл атлетика жарыстарында өнер көрсетіп жүрмін. Алматы, Астана марафондарына тұрақты қатысамын. Бүгін алғаш рет жабық кешендегі манежде жүгірдім. Әрине, оңай болмады. Дегенмен жеңіл атлетикадан сайыстардың көбеюі барлығымыздың уақыт көрсеткішімізді жақсартуға септігін тигізетіні сөзсіз. Кәсіби

желаяқтарға арналған спорт кешенінде жүгіріп, керемет әсер сыйлаған ұйымдастырушыларға алғысым шексіз» деді айтулы жарыста 1000 метр қашықтықта жеңімпаз атанған Айнұр Құмарова.

Сондай-ақ турнирде әуесқойлардан бөлек, интеллектуалдық дамуы шектелген 4 спортшы сайысқа түсіп, өзара жеңімпазды анықтады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, 2022 жылы Indoor Run Astana жарысында 70 қатысушы болса, биыл олардың қатары 120-дан асты.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері Астана қаласы әкімдігі тағайындаған жүлделермен марапатталды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №9

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ